

Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 204-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 шілдеде № 9570 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.07.2016 № 304 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 9-бабы 1-тармағының 51-38)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қарғау министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 262-Ө "Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8779 тіркелген, 2014 жылдың 01 ақпандағы № 22 (27643) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жетекшілік ететін Вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және
су ресурстары министрлігінің
2014 жылғы 5 маусымдағы
№ 204-Ө бұйрығымен
бекітілген

НЫСАН

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі
Балық шаруашылығы комитеті _____

(уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауы)

Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама

_____ (заңды/жеке тұлғаның атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жануарлар әлемін пайдалануға арналған _____ рұқсат көшірмесінің негізінде нөмірі _____ күні _____).

Пайдаланушы туралы ақпарат:

№ р/р	Су айдынының және (немесе) учаскенің атауы:	Балық және басқа да су жануарларының түрлері	20_ жылдан 20 _ жылға дейін бекітілген квота (тонна)	20__ жылдың " __ " _____ жағдай бойынша ауланғаны (тонна)
1				
2				
3				
Жиыны:				

Жөнелтпе көліктік құжаттың нөмірі және күні (Пайдаланушыны алып тастағанда) _____

Сату-сатып алу келісімшарттың нөмірі және күні (Пайдаланушыны алып тастағанда) _____

Инспекция балықтың қайда ауланғанын растайды:

№ р/р	Балықтың саны (тонна)	Балықтың түрі
1.		

2.		
3.		
Жиыны:		

Анықтаманың берілген күні 20 ____ ж " ____ " _____

Қолы _____

 (аумақтық бөлімше басшысының тегі, аты, әкесінің аты
 (бар болған жағдайда))
 Мөр орны